

Б.С. Жұмағұлов^{1*}, Е.Е. Хайдаров²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., 050010, Қазақстан Республикасы

²Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
Орал қ., 090009, Қазақстан Республикасы

*e-mail: jumagulov-bolat@mail.ru

1920 ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘДІЛДІК ҮШІН КҮРЕСКЕНДЕР (Батыс Қазақстан облысы мысалында)

Андатпа

Мақалада XX ғасырдың 20-шы жылдарында Батыс Қазақстан өлкесінде әділдік үшін күрескен халық арасынан шыққан ерлердің іс-әрекеті және кеңес өкіметінің оларға қарсы аяусыз қуғын-сүргінді ұйымдастыруының тарихы архив деректеріне сүйене отырып шынайы тұрғыда қарастырылады. Өткен ғасырымыздың 20 жылдарында сол кездегі биліктің зорлықшыл саясатын мойындамай, қолдарына қару алып әділдік үшін күреске шыққандарды кеңес өкіметі «банды», «бандалық топтар» деп атап соңдарына түсіп, қуғын-сүргін ұйымдастырып, аяусыз жазалаумен, олардың көзін жоюмен айналысты. Халықтың ішінен шыққан мұндай жекелеген ерлер Қазақстанның барлық өңірінде кездесетін еді. Олардың мұндай әрекетке баруына биліктің өздері кінәлі болатын. Олар шындығында биліктің халыққа жасап отырған зорлық-зомбылығына, қысымшылығына қарсы тұрудың басқа жолын таппағандар еді. Қазақстанның барлық өңірінде жеңіске жетіп, толық орныққан Кеңестік билікке ашық қарсы шығу ол кезде оңай шаруа емес еді. Соған қарамастан олар өздерінің бас бостандықтары үшін қолдарына қару алып күреске шыққан еді. Боқай Сәбитов, Ерғали Аязбаев, Аманғали Кенжахметов, Құныскерей Қожахметов және басқалары халық аузында әділдік үшін басын өлімге тіккен күрескерлер деп есептеледі.

1920 жылдардағы кеңестік билік құрылымдарының Бөкей губерниясы (1925 жылдан Бөкей уезі) мен Орал губерниясы аумағындағы «бандылармен» күресіне қатысты Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінен табылған тарихи құжаттарға алғаш рет талдау жасалды. Жұмыстың алдына қойған негізгі мақсаты Батыс Қазақстан аумағындағы 1920 жылдардағы кеңес өкіметіне қарсы азаттық үшін күрескен халықтың ішінен шыққан ерлердің қиын өмір жолдары мен тағдырларын зерттей отырып, олардың әрекеттеріне қазіргі күн тұрғысынан тарихи баға беру болып табылады.

Ғылыми-ізденіс жұмысының нәтижесінде Кеңестердің Бөкей губерниялық/уездік атқару комитетінің, Кеңестердің Орал губерниялық атқару комитетіне қарасты қылмыстық іздестіру бөлімінің, *Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың* (ОГПУ) және басқа да құзырлы құрылымдардың 1920 жылдардағы Қазақстанның батыс өңіріндегі «бандылармен» күресудегі қолданған шаралары жөніндегі архив құжаттары алғаш рет ғылыми айналымға енгізіліп отыр.

Негізгі сөздер: «бандылар», кеңес өкіметі, Бөкей уезі, Орал губерниясы, Біріккен мемлекеттік саяси басқарма (ОГПУ), отряд, әділдік үшін күрес.

Кіріспе

Еліміздің тарихында XX ғасырдың 20-30 жылдары Қазақ қауымы үшін ең қиын да, қасіреті мол жылдар болып қалған еді. Оның негізгі себебі, ықылым заманнан қалыптасқан, тіршіліктің негізгі көзіне айналып отырған байырғы шаруашылық жүйесін түгін қалдырмай қиратып, ешқандай дайындықсыз, жағдаймен санаспай және халық арасында түсіндіру жұмысын дұрыс іске асырмай, шаруашылықтың жаңа жағдайына көшіру елге үлкен нәубет әкеліп, зобалаң тудырған еді. Қазақтардың тіршілік көзі болып отырған және өмір сүрулеріне әбден лайықталған дәстүрлі әлеуметтік-шаруашылық қатынастарын түбірімен жойып, оның орнына кәмпескелеу науқанын ұйымдастыру, күштеп ұжымдастыру және қолдарындағы малды орталықтандыру сияқты іс-шаралар бұқара халыққа өте ауыр тиді. Бұл саясаттың нәтижесі кейін қазақ халқын алапат аштыққа ұрындырып, халқының жартысына жуығы аштыққа ұрынып, қырылып қалғандығы және олардың өз елінде босқынға айналғаны қазіргі таңда баршаға мәлім болып отыр. Халыққа бостандық әкелеміз

деген Кеңес өкіметінің, олардың қол шоқпарлары міндетін атқарып жүрген жергілікті шолақ белсенділерінің жанға батқан жүгенсіз әрекеттері халықтың ашу-ызасын туғызды. Бұған дейін көп айтылмай, халыққа жетпей және тарихы арнайы жазылмай келген Жымпиты, Жаңақала және Ілбішін көтерілістері мен Орда байларының бас көтерулері осыған дәлел. Ал, сонымен қатар сол кезде халықтың ішінен шыққан, беделді батыр ұлдары әділдік үшін қолдарына қару алып күреске шыққан еді.

Сол өлкеде кеңестердің әділетсіз саясатына қарсы қолына қару алған, кеңес өкіметінің билік өкілдері «банды» деп айдар таққан, әділдік жолында жан аямай күрескен бір топ ержүрек азаматтардың қилы да қиын тағдыры осының айғағы. Қызыл қырғынмен билікке келген Кеңес өкіметі өздеріне бағынбай, айтқанына көнбегендерді «банды» атандырып, ОГПУ (*Біріккен мемлекеттік саяси басқарма*) арқылы жергілікті кеңестік атқарушы комитеттермен, қызыл милициямен бірге отырып олардың соңына түсіп, аяусыз күрес жүргізді. Олардың көздеген мақсаты ел ішінен шыққан, Кеңестік билікке қарсы бас көтерген ержүрек азаматтарды ұстап аяусыз жазалау арқылы қара халыққа билікті мойындату еді. Мұндай бағыттағы қатал саясат 1920 жылдары Бөкей және Орал өңірлерінде де жүзеге асырылды.

Халық көтерілістері еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін зерделеніп, зерттеліп көпшілікке жетіп, тарихтағы «ақтаңдақтар» ашылған болса, ал, тағдыр тәлкегімен «банды» атанып, қуғын-сүргінге ұшыраған ерлердің іс-әрекеті, олардың қиын тағдырлары туралы мәліметтер жөнді жарияланбаған болатын, жазылған күннің өзінде де толық емес, ауызекі әңгіме, естеліктер ретінде ғана көпшілікке жеткен болатын. Әділдік үшін күреске шығып, жандарын шүберекке түйген халықтың құрметіне бөленген осындай ерлер туралы мәселе қазіргі таңда өзекті.

Мақаланы дайындау барысында Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік архивінен олар туралы көптеген тарихи құжаттарды кездестірдік. Ол «өте құпия» деп белгі соғылған ол құжаттарда 1920 жылдардан бастап *Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың* (ОГПУ) мәліметтерінде кеңес өкіметінің «солақай саясатына» қолдарына қару алып қарсылық білдірген Кенжахметов Аманғали, Аязбаев Ерғали, Қожахметов Құныскерей сияқты белгілі күрескер тұлғаларға қатысты деректер көптеп кездеседі. Халыққа есімдері бұрын көп таныс емес, билікке наразы болған, шама-шарықтарына қарай қарсылық білдірген олардан басқа да адамдар туралы деректер кездеседі. Боқай, Фатых, Салых Сәбитовтер, Мұхамбетқали Дүйсенбиев, Нұғыман Досқалиев, Орынғазы Ұсағалиев, Нұрсұлтан Жанбурин, Мыңжас Мырзасейтов және т.б. аттары бізге қазір белгілі болып отыр. Бөкей губерниялық (кейін уездік), Орал губерниялық атқару комитеттеріне, жергілікті прокуратураға, қызыл милицияға жолдаған ОГПУ-дың және Орал губерниялық қылмыстық іздестіру бөлімінің шұғыл ақпарларында олар «бандылар», «банда шайка» деп көрсетіліпті.

Ақиқатына келсек бұлар «банда» ма еді? Кеңестік биліктің өзі еді «бандитизммен күрес», «бандылар», «банда шайка», «бандылық топтар» дегенді ойлап тапқан. Қазіргі тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік идеологиясы және жаңа тарихи сана тұрғысынан бағаласақ бұл азаматтар – бостандық, теңдік, әділдік үшін күреске шыққан, сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйенің тарапынан саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар. Кеңес өкіметінің билігіне қарсы 1920 жылдардағы халық толқуларын қазақ халқының азаттық жолындағы күресіне жатқызуға болады. Жоғарыда есімдері аталған халық қаһармандарын азаттық үшін, әділдік үшін күрескерлер, халықтың ішінен шыққан ерлер ретінде бағалауымыз керек. Сонда ғана тарихта әділеттілік орнайды.

1920-1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік саясаттың да мақсаты – тарихи тұлғаларға әділ баға беру, олардың есімдерін ұлықтау және тарихтың ақтаңдақ беттерін жаңаша тұрғыдан зерделеу. Сондықтан осы ғылыми мақаламызда алдымызға қойған мақсатымыз, тақырыпты жаңаша зерттеп, бүгінгі күн тұрғысынан бағалау. Осы оқиғалардың мәніне үңіле отырып, ой-елегінен өткізіп,

қорытынды жасаудың маңыздылығы да сонда. Себебі, тарих болашақ үшін жазылады, кейінгі ұрпақ өткен тарихымыздан сабақ алуға тиіс. Әңгіменің маңыздылығы да сонда.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу мақаланы жазу барысында Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінен алынған тарихи құжаттар деректік база ретінде қарастырылды. Кеңестердің Бөкей губерниялық, (кейін уездік) атқару комитетінің «бандалар» жөнінде құпия жолданған хаттары (1923-1926 жж.), ОГПУ-нің Бөкей губерниялық бөлімі жолдаған күнделікті ақпараттық мәліметтері (1924-1925 жж.), Бөкей уездік әскери комиссариатының және ОГПУ бөлімінің саяси мәліметтері, есептік баяндамалары (1925 ж.), Кеңестердің Орал губерниялық атқару комитетіне қарасты қылмыстық іздестіру бөлімінің губерниядағы бандитизм қозғалысы және аса ауыр қылмыстар жөніндегі оперативтік ақпарлары (1926-1928 жж.) ғылыми айналымға енгізілді.

Кезінде И.Кенжалиев пен Н.Табылдиев жазған «Казталовка – байырғы атамекен» атты ғылыми еңбекте 1920 мен 1927 жылдар аралығында орын алаған Таловка уезіндегі оқиғаларды сөз еткенде сол өңірдегі «бандитизм» және онымен күреске де тоқталып, Сәбитов Боқай, Аязбаев Ерғали және т.б. туралы деректер келтірген [1].

Ләтифолла Қапашевтың ««Банды» Аманғали ісі (Аңыз бен ақиқат)» атты көп жылдық зерттеу еңбегі Аманғали Кенжахметовтың қиын тағдыры мен күрескерлік іс-әрекеті архив деректері мен куәгерлердің естеліктеріне негізделіп жазылғандығымен құнды [2].

Л.Қапашевтың «Мінгені Ерғалидың «Шайтанқара»» атты кітабы патша заманында «барымташы», ал Кеңес өкіметі орнаған тұста «банды» атанған Ерғали Аязбаевтың өмірі мен әншілік шығармашылығына арналған. Бұл кітапта 1917-1920 жылдары Ерғали Аязбаевтың Таловкада Кеңес өкіметін орнату бағытындағы қызметі, кейінгі кеңес өкіметіне қарсы күрес жолы баяндалған [3].

З.Ижанов өзінің зерттеу еңбегінде 1921-1922 жылдардағы «бандыларды» кеңестік үкімет пен коммунистік партияның сол жылдардағы солақай саясаты туғызғандығына көз жеткіздік, - деп тұжырым жасайды. Онда 1921-1922 жылдардағы Орал губерниясындағы «бандитизм» туралы архив құжаттарын келтіреді [4].

Половецкий С.Д., Ченцов А.С. сияқты шетелдік зерттеушілер Солтүстік Кавказдағы кеңестік құзырлы органдардың 1920-1941 жылдардағы бандитизммен күресін жан-жақты қарастырған. ВЧК – ОГПУ – НКВД ұйымдарының бүкіл кеңестік жүйедегі қызметінің ортақ екенін ескеретін болсақ, 1920 жылдардағы Бөкей және Орал өңірлеріндегі ОГПУ және кеңестік атқарушы комитеттердің қылмыстық іздестіру бөлімдерінің бандитизммен күрестегі қызметтерімен ұқсастығы байқалады. Алайда олар мұнда кеңестік құзырлы органдардың бандитизммен күресу саясатын дәріптеу жолымен көрсеткен [5].

Ал, Түркмен мемлекеттік қайраткері Дж.С. Аннаоразовтың зерттеу еңбегінде Түркіменстандағы 1920-1930 жылдардағы кеңес өкіметіне қарсы көтерілістердің алғышарттары, қозғаушы күштері, негізгі оқиғалары зерттелініп, азаттық жолындағы қозғалыс ретінде қарастырылады [6].

Өзбекстандық тарихшыларға келсек, олар жиырмасыншы ғасырдың 20-30 жылдарындағы Өзбекстандағы саяси қуғын-сүргін тарихын зерттеп, 1920 жылдардағы кеңестік билікке қарсы бағытталған күрес мәселесін ұлт-азаттық қозғалыс ретінде қарастырады [7].

Өлкетанушылар Қайыржан Хасанов [8] пен Өтепберген Әлімгереевтің [9] 1920-1930 жылдар аралығындағы азаттық қозғалысының қаһарманы – Құныскерей Қожахметов туралы еңбектерінде оның күрескерлік өміріне және отбасының қиын тағдырына қатысты мол естелік деректер топтастырылған.

Методологиялық тұрғыдан архив құжаттарын талдау, сұрыптау, топтастыру және тарихи салыстыру әдістерін кеңінен қолданылды. Сонымен қатар зерттеушілер кеңес

өкіметінің «бандитизммен» күрес саясатына сыни тұрғыдан қарап, билікке қарсы шыққан азаматтардың әрекетін азаттық үшін күрес ретінде қарастыруды ұсынады.

Нәтижелер және оларды талқылау

1920-1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі БҚО бойынша комиссияның және зерттеу тобының мүшесі ретінде архив қорларымен жұмыстанып, «Бөкей және Орал өңірлеріндегі бандитизм. 1921-1931. (ОГПУ хабарламалары бойынша) атты құжаттар жинағын шығардық. Бұл мәселені зерттеу барысында бұл «бандитизм» емес, қазақ халқының азаттық үшін күресінің бір бөлшегі деп қарастыру ұсынылды [10].

Жоғарыда аттары аталған белгілі ғалымдар мен жазушылардың шығармаларында бұл тақырып біраз қамтылып, көптеген құжат деректері келтірілген. Бірақ, «банды» атанып, кеңестік биліктің зорлықшыл әрекеттеріне қолдарына қару алып, қарсылық білдірген халық ішінен шыққан ерлердің мұндай әрекеттерге баруына қандай жағдай себеп болды, олардың іс-әрекеті мен нәтижелері не болды деген сұрақтарға толық жауап берілмеген. Сондықтан бұл мәселеге бүгінгі күн тұрғысынан баға беріп, олардың аттарын болашақ ұрпаққа шынайы тұрғыда жеткізу қажет.

1920 жылы азамат соғысы аяқталып кеңес өкіметі орнағанымен бүкіл елдегі жағдай толық тұрақталмады. Себебі өлке халқының басым көпшілігі ауыл шаруашылығымен айналысатын еді. Ауыл шаруашылығы халықтың негізгі күнкөрісінің көзі еді. Ал ауыл шаруашылығы ол кезде айтарлықтай дамып кете қойған жоқ еді. Соның салдарынан еліміздің кейбір аймақтарында 1921-1922 жылы ашаршылық болғанын білеміз.

Кеңес өкіметінің саясатына қарсылық көрсеткендерді қудалау, олардың соңына қару алып түсу біраз уақытқа дейін тоқтамаған. Бөкейдегі кеңестік билік органдары кезінде кеңес өкіметін Таловқада орнатуға және қазақтың атты әскерін жасақтауға қатысқан Ерғали Аязбаевты, ағайынды Боқай, Салық, Фатых Сәбитовтерді «барымташылар», «бандылар» деп жариялап, ел ішіне сыйдырмай қудалауға кірісті. Оның себебі олар кеңестік биліктің халыққа көрсетіп отырған зорлық-зомбылығына шыдамай қолдарына қару алып ашық күреске шыққандар еді.

Әрине, Кеңестік билікке қарсы күресте олардың күші тең емес еді. Сондықтан олар өздерімен тағдырлас серіктерімен, ағайын-туыстарымен, бала-шағасымен бірге биліктің күзіретті органдарынан бас сауғалап қашып жүруге мәжбүр болды. Оған төмендегі архив құжаттары дәлел болады.

1923 жылғы 7-14 қараша аралығындағы ГПУ-дың Бөкей губерниялық бөлімінің №29 «бандылар» туралы құпия ақпарында: «Талов уезінің БГОГПУ өкілетті уәкілінің хабарлағанындай, Хан штабынан солтүстікке қарай /Урда/ 165 верстінен Талов және Ново-Узен уездерінің шекарасында Белоусов пен Журавлев және Варапаев хуторында саны 4 адамнан тұратын бандылар Алғай болысының Ново-Узен ауданының Саратов губерниясының азаматы Чуриков Михаилдың басшылығымен әрекет жасайды және 3 қырғыз тегі анықталмаған мылтықтармен және 2 наганмен патрондар саны екі жәшікке жуық /бейресми ақпарат/, атпен ел аралап, халықты тонаумен айналысады.

Талов уезінде Бостандық болысының Талов уезінің азаматы Боқай Сәбитовтың Қоңырсай шатқалында Қарақалпақ руы татарларынан шыққан 3 адамнан тұратын 3 винтовкамен және 2 наганмен /патрондар саны анықталмаған/ қаруланған екінші банда әрекет жасайды, атпен жүріп, ішінара халықты тонайды.

Қазіргі уақытта әрекет жасайтын бандалардың орналасқан жері анықталмаған. Уезд бандиттерін ұстауға Талов уезі бойынша өкілетті уәкіл Андрей Сафкиннің басшылығымен 10 жауынгерден тұратын атты жасақ жіберілді, бірақ бандалар ұстатпай қашып кеткендіктен тапсырма орындалмады және қазіргі уақытқа дейін бандалардың жүрген жері анықталмаған. Талов уезі бойынша өкілетті уәкілге ЧОН-мен бірлесіп бандалардың көзін жоюға бұйрық берілді» - делінген.

Біз бұдан кеңес билігіне қарсы күресушілердің іс-әрекеттерін және құзырлы органдардың оларды аяусыз жазаға тартып, тергеусіз, сот үкімінсіз, көздерін құрту туралы заңға қайшы үкім шығарғанын көреміз. Қаталдық өз кезегінде оған жауап ретінде қарсы жақтың да қаталдығын туғызатындығы бізге мәлім.

1923 жылдың 28 қарашасы мен 5 желтоқсан аралығындағы №32 «бандылар» туралы ақпарда қуғыншылардың Чуриковты қасындағы серігімен бірге Орал губерниясының Березино селосы маңында атып өлтіргені айтылады. Боқай Сәбитов бастаған «банды» тобының желтоқсан айының басында Таловка уезінен Орда уезіне қарай Торғын бөлімі аумағына өткенін, онда Сәбитов өзінің әйелін алып барғанын, сол жерден Қоңырсайдағы қыстауына жиі келіп кетіп жүретіні баяндалды [11].

1924 жылғы 5 желтоқсандағы ОГПУ-дың Бөкей губерниялық бөлімінің бастығы Никитиннің Кеңестердің Бөкей губерниялық атқару комитетіне және басқа да құзырлы билік органдарына жолдаған №18 «бандылар» туралы құпия мәлімдемесінде Ерғали Аязбаев пен Боқай Сәбитов «бандылық тобының» мүшелерінің Таловка уезіндегі іс-әрекеттері жөнінде баяндалады. «21/XI-24 жылғы Таловка Уездік уәкілінің берген ақпараты бойынша уезде 2 бандалық топ әрекет жасайды. Бірінші топ Аязбаевтың басшылығында. Құрамы 5 адамнан тұрады. Олар: Әбу Меңдіғазиев, Нұғман Досқалиев, Шаумбай [Жұмабай] Иргалиев, Укоас [Оқас] Нұрғалиев, Хамза (тегі белгісіз).

Мәліметтерге сүйенсек (29.XI.1924 ж.), Аязбаев бандасы жеткілікті оқ-дәрісі бар винтовкалармен қаруланған 8 адамнан тұрады, бәрі бірге Таловкадан 12 шақырым солтүстіктегі Аязбаев ауылында тұрады.

Екінші Сәбитовтың бандасының қызметі туралы. Б.Сәбитовтың басшылығындағы бандалық топ 21.XI.1924 жылдан бастап құрамы 5 адамнан тұрады: Салых, Фатих Сәбитовтар, Дәулетқали Чукетаев, Тілеп Мудалиев, Шақұп Дәулетов және Гуринов хуторында тұратын орыстардың бір бөлігі», - деп жазылды [12].

Осы хабарламалардан көріп отырғанымыздай, олардың халыққа жасаған қиянаты, зорлық-зомбылығы туралы ешқандай мәлімет кездеспейді. Тек билікке қарсы тұрып, олардың саясатына жақпағасын көздерін жою туралы қабылданған шешім туралы айтылады. Халық арасында олардың беделі зор болған. Күні кешеге дейін өлең-жырлардың, ауызекі әңгімелердің кейіпкері болып, олар туралы халық арасында көп аңызға бергісіз әңгімелер таралған. Бір қызығы қарапайым халық оларды жамандамайды, керісінше әділет үшін күрескен ерлер ретінде бағалайды.

1924 жылдың желтоқсан айында Боқай Сәбитов пен Ерғали Аязбаевтың тобы Таловкадан солтүстікке қарай 12 верст жердегі соңғысының ауылында бастары қосылып бірігеді. Біріккен топтың саны 21-ге жетеді, олардың ішінде Новоузень билігінен қашып жүрген 3 орыс та болды. 14 желтоқсан күні түнде «бандылармен» күресу үшін коммунарлардан жасақталған 15 атты отряд шығып, Аязбаевтың ауылына жақындағанда атыс болады. Қуғыншылардың әрекетінен ештеңе шықпайды, себебі бұл кезде Сәбитов пен Аязбаевтар отбасымен бірге Жаңақала уезінің бағытына қарай кетіп қалған болатын.

«Қазіргі таңда Сәбитовтың да, Аязбаевтың да бандиттері іздестірілуде. Екі милиционер 30.XII.1924 жылы Жаңақала уезінің Құрбан-көл, Жуалы-ой, Көк-терек мекендеріне барлауға жіберілді, әзірге нәтиже белгісіз. Таловка маңындағы күмәнді жерлерге жеке тексеру жүргіздім, соның нәтижесі банды Сәбитовтың ағасы, Салых Сәбитов ұсталды, қазіргі таңда алынған мәліметтер бойынша Бұқай Сәбитов Берш-арал, Әш-өзек пен Тәткен-сайдың шатқалында 10 адамымен, ішінде бір орыс қару-жарағы бар, кейбіреулерінде екі ұңғылы централка бар, 1925 жылдың 5 қаңтарында Ащы-өзек шатқалына барамын, нәтижесі егжей-тегжейлі хабарланады», - деп баяндалады ОГПУ өкілі мәліметінде. Осылайша Боқай Сәбитов пен Ерғали Аязбаевтың «бандалық тобын» ұстау шарасы еш нәтиже бермеді [13].

1920 жылдардағы азаттық үшін күрестің нағыз хас батыры – Аманғали Кенжахметов. Олай дейтін себебіміз ол қуғыншылар отрядымен өмірінің соңына дейін айқасып өтті. Ел ішінде Аманғали туралы аңыз-әңгімелер, оның өлеңдері кең тараған. Аманғалиды халық әнші-сері, ер жүрек адам ретінде таниды. Ол азамат соғысы жылдары қызылдардан соққы жеп, шегінген Серов, Киселев отрядтарына қарсы Шолантау жерінде жорыққа шығып, қазақ жерін ақ бандылардың қанды сойқанынан азат етуде еңбек сіңірген. Нарын өңірінде кеңес өкіметі орнай бастаған алғашқы жылдарда Кенжахметов Аманғали милиция қатарында қызмет атқарған екен. Кейін биліктің қарапайым халыққа істеп отырған қиянатын көріп, бұл қызметтен кеткен. Аманғали оқиғасының негізгі себебі – әкімдер мен байлардың қара халыққа жасаған қиянатына қарсы болудан өрбіген [2. -18-19].

Л.Қапашев Аманғали жөніндегі еңбегінде екі құданың (Аманғали мен Қайыр Қарымбаев) арасындағы араздасу 1923 жылдың жазында басталғанына көзіміз жетті деп жазған. [2. - 24-60]. Дегенмен Аманғали Кенжахметовтың тобына қатысты архив құжаттары 1924 жылдың мамырынан басталады. Соған қарағанда Бает, Шолан болыстарындағы бүлік туралы хабар Ордадағы, кейін Оралдағы құзырлы органдарға 1924 жылдың көктемінде жеткенге ұқсайды. Аманғали және Мұқанғали Кенжахметовтер, Сейтбаттал Есениязов, Тайыр Тілеков, барлығы 4 адамнан құралған топтың артына 1924 жылдың мамыр айының басынан бастап Бөкей губерниялық қылмыстық іздестіру бөлімінің инспекторы Шкоков бастаған қуғыншылар түседі.

1924 жылы 23 мамырда Шкоков Кулагинадан Ордадағы атқару комитетіне жеделхат жолдап Кенжахметов тобының Бает болысының кеңсесіне тонаушылық жасап, мөр басылған дайын қағаздарды алып кеткенін, олардың Калмыковаға қарай кеткенін, ал мамырдың 25-де Калмыковадан Бөкей губерниясына қарай қайтадан қашқанын хабарлаған.

1924 ж. 21 маусымдағы құпия шұғыл мәлімдемедегі Кенжахметовтер тобының аттарын тастап, қайықпен өзенге түсуі олардың бас бостандығы үшін жанкештілігін көрсетеді [14].

Сөйтіп, Евгений Шкоковтың екі айдан аса серделен жүрісі сәтсіз аяқталады. Сәуір айының басында жолсапарға аттанған ол Орда қаласына тек маусым айының аяғында қайтып келеді.

Ақырында болыстық атқамінерлер, елдегі беделді адамдар, Аманғалиларды ақтайтын бітімгершілік үкімге (мировой приговор) яғни, екі жақты келісім-шартқа қолдарын қойып, бұдан әрі Аманғалидың мазасын алмай, қудалау ұйымдастырмайтын болып уәделеге келеді [2. - 39].

Бөкей губерниясы өлкесінде кеңес өкіметіне бағынбай жүрген «бандылық топтармен» күрес жүргізіп, олардың көзін жою бағытындағы іс-шараларды ұйымдастыру үшін 1924 жылдың 16 қазанында Бөкей губерниялық қылмыстық іздестіру бөлімінің басшысы Жанғазиевке мандат беріледі.

1924 жылдың 21 қазанында Жаңақала уезінен Жанғазиев бастаған 43 адамнан құралған отряд шығады. Оның қатарында Жаңақала уезінен жасақталған 25 коммунар мен милиция, қалған 18-і Теңіз уезінен келіп қосылған коммунарлар мен милициялар болды. Отряд 26 қазанда Теңіз уезінің Манаш болысындағы Үштаған қыстауына «бандылардың» тұрған жеріне келіп жетеді. Сол жерде 2 сағатқа созылған атыстан кейін Дүйсенбиевтің тобы шегініп қашады. «Бандылардың» жағынан 11 адамнан 1-і өліп, 4 ер, 2 әйел адам тұтқынға алынады, 5 жылқыны тастап кетеді, ал отрядтан 1 адам жарақат алады, 1 жылқы өліп, 1-і жараланады.

1924 жылдың 4 қарашасындағы Жаңақала уезінің уәкілетті өкілінің мәліметі бойынша отряд Орал губерниясы Гурьев уезінің Топлин болысында Кулагино-Горский поселкесінің маңында қашқан топтың 3 адамын кезіктіреді. Олардың 1-і өлтіріледі, ұсталған 2-шісі Новая Казанкаға жөнелтіледі, 1-і астындағы жақсы атының арқасында қашып кетеді.

Қашқан топтың қару-жарақтары, ат көліктері алынады. Гурьев бағытына қарай қашқан «банды» кейін ұсталады.

Сөйтіп, Мұхамбетқали Дүйсенбиев – топ жетекшісі, өлтірілді, Маслихат Дүйсенбиев ұсталды, Күнтуар Ақшұраев қашып кетті, Ақшұраевтың кішісі өлтірілді, Дүйсенбиевтің әйелі ұсталды, Ақшұраевтың әйелі ұсталды, Дүйсенбиевтің інісі тұтқындалды, Бисенбиев және аты-жөндері белгісіз 2 адам Саргубернияның Алғайында тұтқындалды, Манап болысы төрағасының орынбасары Бекеш Иманғалиев тұтқындалды, Құнатыров тұтқындалды. Осылайша Дүйсенбиевтің тобы толықтай жойылып, құзырлы органдардың есебінен алынып тасталды.

Жанғазиевтың отряды Дүйсенбиевтердің көзін жойып қана қоймай, Жаңақала уезінің Шолан болысындағы ағайынды Кенжахметовтердің тобын да жазаға тартпақшы болды.

Теңіз уезі бойынша уәкілетті өкіл мен ЧОН жасағы командирінің ақпараты бойынша Аманғали Кенжахметов Теңіз уезінің Бает болысында қайтадан «бандылық топ» құрған. Оның құрамында: Аманғали Кенжахметов, Сейтбаттал Есениязов, Тайыр Тілеков, Шолан болысынан топқа жаңадан қосылған Жұмалиев. Олар винтовкамен, наганмен және жеткілікті патрондармен қаруланды. 1924 жылы 29 қарашада бұл «бандылық топты» жою үшін жасақ командирі 10 коммунарды жібереді [15].

Ауылдың беделді азаматтарының Аманғалиды қарусыздандырып, үкімет органдарына тапсыру әрекеттері ешқандай нәтиже бермейді. Ел ішіндегі текетірестің барысында Аманғалилар Отарғали Мұқышев пен Ізімқұловтың тоқал әйелдерін өздерімен бірге алып, 1925 жылы мамыр айының басында Жайықтың Бұқар бетіне өтіп кетеді. [2. - 58-81].

1925 жылдың маусым айының басында Тау және Талап болыстарының, сондай-ақ Жігер болысының Ащыөзек елді мекені аумағында қаруланған 10 атты адамнан құралған, жетекшілері Боқай, Салых Сәбитовтар болып табылатын «бандылық топтың» жүргені жөнінде тың ақпарат келіп түседі [16].

1925 жылдың 9-30 маусым аралығында Сәбитовтердің соңына Бөкей уезінің бандитизммен күрес жөніндегі уәкілі Ғатауолла Оразбаев 35 адамнан құралған жасақпен түседі. Оған өзімен бірге келген Дроздовтың, Лункиннің, Жәнібек аудандық милиция бастығы Даулетовтың, Таловка аудандық милиция бастығы Қуанышәлиевтің жасақтары көмек етеді. Осылайша жан-жақтан шыққан жасақтар Сәбитовтерді қоршап, ұстап алуды мақсат етеді. Алайда Оразбаевтың құзырлы органдарға берген есебіне қарағанда жасақ басшыларының бірін-бірі дұрыс түсінбеуінен, ұзақ жүріске шыдамаған қуғыншылардың шаршап-шалдығуынан, ат-көліктерінің жетіспеушілігінен Орда, Таловка, Жәнібек және Ново Узень аумағында қашып жүрген Боқай Сәбитовтың тобын түгелдей ұстап жойып жіберуге мүмкіндік болмаған [17].

1925 жылдың шілде-қыркүйек айларындағы ОГПУ-дың «бандылар» туралы ақпарларында ағайынды Сәбитовтер Ордадан солтүстік-шығысқа қарай 100-130 верст жердегі Бостандық болысында бұрын бандитизмге қатысы болған Бекеш Ханафин, Ғабдулла Мұстафин және Жәңгір Біләловтардың ауылында жасырынуда, винтовкалармен және нагандармен қаруланған Боқай Сәбитовтың 20 атты адамнан тұратын «бандысы» Торғын болысының солтүстік бөлігіндегі Күйгенкөл елді мекенінде жүр және атақты Сәубен байдың үйінде болып тұрады деген мәліметтер кездеседі [18].

1926 жылдың басында Орал губерниялық іздестіру бөлімінің бастығы Кузнецов бастаған отряд Боқай Сәбитовтың тобын ұстауға шығады. Дегенмен кейін Кузнецовты Сәбитовтер тобын ұстауда жіберген қателіктері үшін айыптап, оның орнына Куксты тағайындайды. 1926 жылдың наурыз айында Боқай Сәбитовтың тобын жою шаралары күшейтіліп, 12 наурыздан Бөкей уезінен милиция бастығы Софы Даулетбаевтың басшылығымен тағы бір отряд аттанады. Мұндай отрядтар жан-жақтан Жаңақаладан, Жәнібектен, Таловкадан шыққан [19]. Ал наурыз айының соңында Орал губерниялық

атқару комитетінің әкімшілік бөлімінің бастығы Горбунов Боқай Сәбитов тобымен келіссөздер жүргізу үшін Саратов қаласына жіберіледі [20]. Ақырында 1926 жылы 30 наурызда қуғыншы отрядтың басшысы Кукс Сәбитовтерді барлығы 6 адамды Таловканың түбіндегі Қоңырсайда алдап қолға түсіріп, Оралға жөнелтеді. Ал кейінірек Орал губерниясына қарасты құзырлы органдар рапорттарында Сәбитовтер тобының сәуір айының басында толық жойылғанын, 7 адамның Оралдың тергеу изоляторында отырғанын жазған [21].

Боқай Сәбитовтың және оның серіктерінің тергеуден кейінгі тағдыры белгісіз. Зерттеуші Ләтифолла Қапашев «Сәбитов Боқай және басқалары туралы» 5 томнан тұратын №92 іспен 1993 жылы мамырда ҚР Жоғарғы Сотының кеңсесінде танысқанын айтқан. Сәбитовтер тобы 1927 жылы 17 шілдеде сотталған [2. - 22, 89]. Алайда Боқай Сәбитовке, оның төңірегіндегі адамдарға қатысты қандай үкім шыққаны еш жерде жазылмаған. Сондықтан бұл мәселе болашақта анықтауды қажет етеді.

Аманғали Кенжахметовтың жағдайына қайтадан келсек, Жайықтың оң жақ бетіне өткеннен кейін Аманғали сол кездегі Адай уезінде беделі жоғары Тобанияз Әлниязұлына барып паналайды. Тобанияз Әлниязұлы кейін Аманғалиды қару-жарағын тастап билік өкілдеріне өз еркімен берілуге көндіреді. 1925 жылдың күзінде Аманғали тұтқындалып, Оралдың түрмесіне қамалады. Айыптау қорытындысы 1925 жылдың аяғында дайындалған [2. 82-86].

1926 жылдың 6-13 мамырындағы Орал губерниялық қылмыстық іздестіру бөлімінің губерниядағы бандитизм және басқа қылмыстар туралы №22 оперативтік ақпарында Аманғали Кенжахметовтың қасында отырған екі адаммен бірге түрмеден қашып шыққаны жөнінде дерек бар [22].

1926 жылы шілде айында Кенжахметовтер тобы Азғыр ауданының Үштаған елді мекені төңірегінде болған. Астрахань губерниясына қарай өтіп кету үшін жақсы аттар іздеген және топқа екі қызды қосып алған. 1926 жылы тамыз айында Аманғалидың өзі Бұқар бетіне өтіп, Сағыз жеріне Тобанияз Әлниязұлын өлтірмекші болып барған. Бірақ Адайлар 40 адамнан қарулы күш жасақтап, Тобанияз Әлниязұлын қорғап қалған. Одан кейін ол КазЦИК-тен және Адай ревкомынан өзін Аманғали Кенжахметовтен қорғауды сұраған.

1926 жылдың қазан айындағы деректер бойынша 24 қазан күні Кенжахметов бастаған топ Сарытөбе болысындағы Бегайдар мекеніндегі Жұмағали Жанғожинның 50 жылқысын, 15 түйесін айдап әкеткен. Атыс-шабыста Жұмағалидың қолынан 2 адам қаза тапқан, одан кейін Орпа деген жерге дейін Кенжахметовтер тобының соңына түсіп қуған [23].

1926 жылдың қараша-желтоқсан және 1927 жылдың қаңтар айларындағы Орал губерниялық қылмыстық іздестіру бөлімінің құпия ақпараттық хаттарында Аманғалидың қасындағы әйелімен Гурьев уезінің Қара-Самар болысында жүргені хабарланған [24].

Сонымен қатар 15 наурыз бен 1 сәуір аралығындағы мәлімет бойынша Аманғалидың тобы 8 адамнан, оның екеуі әйел, олардың көзін құрту үшін 12 наурызда Гурьевтен 10 адамнан тұратын отряд шыққандығы айтылған [25].

1927 жылғы сәуірдегі рапортында Орал губерниялық қылмыстық іздестіру бөлімінің бастығы Кукс сол уақытта Орал губерниясының территориясында үнемі Жайықтың сол жақ бетінде 15-17 адамымен жүретін Құныскерей Қожахметов, Гурьев уезінде 13-15 адамымен әрекет ететін Аманғали Кенжахметов және Бөкей уезінде 12-15 адамнан құралған Ерғали Аязбаев басқаратын 3 негізгі «бандылық топтың» бар екенін хабарлаған [26].

8 сәуірдегі прокурордың хабарламасы бойынша Губсоттың аға тергеушісі Тасымов Аязбаевтарды (10 адам) тұтқындап конвоймен Алғайға алып келе жатқан кезде Ерғали Аязбаев қасындағылармен бірге билік өкілдерінің қару-жарағын тартып алып қашып кеткен. Осы оқиғадан кейін Оралдан қылмыстық іздестіру бөлімінің бастығы Кукс пен инспектор Карташев екеуі шыққан. Таловка төңірегін көктем мезгілінде қардың еріген суы

басып жатқанынан және қуғыншыларда ат көліктің жетіспеушілігінен Аязбаевтың тобын ұстауға мүмкіндік болмаған.

Кукс пен Карташевтердің Таловкаға келгенін естіген Ерғали Аязбаев 8 адамнан тұратын тобымен Өзен бойынан өтіп, оңтүстік шығысқа қарай кеткен.

1927 жылы жазда Аманғали Кенжахметов пен Ерғали Аязбаевтың тобы біріккен соң Таловка төңірегіндегі басқа да билікке бағынбай жүрген адамдар келіп қосылады. Бұл біріккен топтың құрамы 19 адамға жетіп, оның ішінде 1/Ерғали Аязбаев, 2/Аманғали Кенжахметов, 3/Тілеп Қарабалин, 4/Тілеп Мұсалиев, 5/Нұғыман Досқалиев, 6/Абдул Меңдіғазиев, 7/Жұмабай және 8/Ахмет Ерғалиевтер (Ерғали Аязбаевтың ұлдары), 9/Құспан Бияқов, 10/Құсман Қапанов, 11/Бөлекбай Даулетжанов, 12/Темірболат Дәулетжанов, 13/Аман Темірәлиев, 14/Елеусін Нұрғалиев, 15/Сүйініш Мырзағалиев, 16/Аманғали Кенжахметовтың әйелдері (Мұхсина, Ұлдан) және т.б. аты-жөні белгісіз адамдар болды. Аталған топ Аязбаевтың ауылында бірнеше күн болған соң Таловка уезінің №8 ауылы арқылы өтіп, Гурьев уезінің Қарасамар болысына қарай бет алады.

1927 жылы 13 шілдеде Калмыковадан құзырлы органдардың жауапты бір қызметкері телеграф арқылы Аманғали Кенжахметов пен Ерғали Аязбаевтың біріккен тобы Қарасамар болысында болып, жолшыбай ауылдардан ат көлік алып, енді қайтадан Шежін немесе Сламихин даласына қарай бет алғанын хабарлаған.

Аманғали Кенжахметов пен Ерғали Аязбаев Гурьев уезінің Қарасамар болысында болған кезінде 18 адамымен бірге Жартөбе қыстағында тұрған ірі бай Есенияз Шытықовқа барып, одан 3 жақсы жылқы, 120 сом ақша алған.

1927 жылы тамыз айының басында Аманғали Кенжахметов пен Ерғали Аязбаевтың тобы 30 адамға дейін жеткен. УралУРО бастығының мәліметі бойынша олар 10 тамызда Бөкей уезінің Сламихин болысының Балықты ауылдық кеңесіне қарайтын Ереміндер хуторында кооперативті тонап кеткен. Ал тамыздың 11-12 күндері Бітік хуторына келіп, кеңес төрағасы Щурихин мен бұрынғы кеңес төрағасы Кочемасовты өлтірмекші болған.

1927 жылы қазан айының басында құрамында 7 адам бар аталған топ Бөкей уезінің Глиненск болысы аумағында болып, екіге бөлініп кетеді. Аманғали Кенжахметов 2 адамымен Азғыр ауданына қарай бағыт алса, ал Нұғыман Досқалиев бастаған топты 5 қазан күні Таловкі поселкесінің шығысында 20 верст жердегі Өзен бойында қуғыншы отряд талқандайды [27]. Бұлардан басқа қуғыншы отрядтың қолынан 17 қыркүйекте Тілеп Мұсалиев қаза тапқан, 5 қазанда билік өкілдеріне берілгендер ішінде Бөлекбай Даулетжанов та болған [28].

1928 жылы 10 қаңтарда Аманғали Кенжахметов Тайыр Тілековпен бірге Сарытөбе болысының Айбас ауылы аумағында болады және сол күні олардың көзін жою мақсатында өзінің еріктілер отрядындағы 7 қарулы адамымен Жанғожин шыққан. 11 қаңтар күні күндізгі сағат 10-ның шамасында Жанғожинның отряды Бөкей уезі Жаңақала ауданының Үштаған елді мекеніне жақын жердегі Есergenовтың ауылында Аманғалилармен ұшырасады. Архив дерегінде Есergenовтың ауылы деп көрсетілгенімен, Ләтифолла Қапашевтың зерттеу еңбегінде оқиға Есіркеп Құлмановтың қыстауында болғаны айтылған [2. – 199].

Жанғожин өзінің отрядын екі топқа бөліп, Аманғали мен Тайыр жасырынған қыстаудың екі жағынан қоршауға алады, оңтүстік жақтағы топ үйдің терезесіне және байлауда тұрған аттарға оқ атса, екінші топ батыс бетте үйден 30-40 қадам жердегі қақпаның тасасында отырады. Қыстау үйдің терезелеріне оқ атылған соң Тайыр Тілеков іштен шауып шығады да, үйдің төбесіне мініп алып оң жақтағы қуғыншыларға қарай оқ атады, ал осы кезде оны қақпаның артында отырған топтағы қуғыншылардың бірі атып өлтіреді. Бұған дейін қыстау үйдің терезесінен оқ атып тұрған Аманғали Кенжахметов Тайырға оқ тигенін байқаған бойда сыртқа шауып шығып, байлаулы тұрған жаралы атына жармасып мінеді, алайда оның мінген аты сол жерде құлап өледі. Аманғали жаяу

қалғанымен Жанғожин бастаған отрядтың адамдарымен жанын салып жүріп атысады, өз еркімен берілу туралы ұсыныс болғанымен атысты тоқтатпайды, ақырында есіл ер қуғыншы отрядтың қолынан қаза табады. Сөйтіп, құзырлы органдар Аманғали Кенжахметовтың тобын толықтай жойылды деп есептейді [29].

1928 жылы 11 қаңтарда Ерғали Аязбаев Ғұсман Бияқаевпен бірге Бостандық ауылында болған кезінде милиция бастығы Әліпқали Мұқышев отрядымен келіп атыс болады. Сосын Әліпқали Мұқышев Ерғали Аязбаевпен келіссөз жүргізеді. Олар екеуара біраз сөйлесіп, Ерғали жеті күннен кейін өз еркімен берілетінін айтып, қазір отрядыңды алып кет, - дейді. Осы уағдаластықтың негізінде артынан Ерғали Аязбаев тобымен бірге қару-жарақтарын тастап, билік өкілдеріне беріледі [3. – 50].

Аманғали Кенжахметов пен Ерғали Аязбаевтың ісіне қатысты тұтқынға алынған адамдар Оралдың тергеу изоляторында бір жыл отырады. 1929 жылдың 14 қаңтарында ҚК 59/3 бабы бойынша бандитизмге айыпталған Ерғали Аязбаевқа және басқаларына, барлығы 40 адамға үкім шыққан. Ерғали Аязбаев, Ғұсман Бияқаев, Абдолла Меңдіғазиев, Жұмабай Ерғалиев, Темірболат Дәулетжанов, Ахмет Ерғалиев, Ғұсман Қапанов, Бөлекбай Мұхамедияров, Аман Темірәлиев, Елеусін Нұрғалиев, Мұхамғали Бұрханов – ату жазасына кесілген, Қабай Мұхаметжанов, Қадыр Әубәкіров, Тоқай Әубәкіров, Ғизат Мұхаметқалиев, Макар Төрешев, Дүйсенғали Әбуғалиев – 10 жыл мерзімге концлагерге қамалған, Абдрахман Теміржанов, Қажиахмет Сариев, Бисен Жұмағалиев, Сейтбаттал Есениязов, Яуда Бишіков, Хамит Лезов, Үмбетқали Кенжахметов, Сүндетқали Кенжахметов, Мұхсина Кенжахметова, Бисенғали Жұрымбаев, Сафа Валиниязов, Рамазан Әубәкіров, Иманғали Қарабалаев, Ахунғали Қарабалаев, Өтебай Қамешов – 5 жыл мерзімге концлагерге қамалған, Махмұт Лезов, Рахай Жұмабаев, Абдрахман Жүсіпов – 3 жыл мерзімге концлагерге қамалған, Сүндет Таутекенов, Қарабай Байтекешев, Сейтмырза Байымбетов, Демеу Нарбаев – 3 жылға Сібірге жер аударылған, Қасым Тоқтамысовты қайта тергеу қарастырылған. 1929 жылы 7 ақпанда ату жазасына кесілген азаматтардың үкімі орындалған [3. – 54].

Қорытынды

Өткен ғасырымыздың 20 жылдардағы әділдік үшін күреске шыққан ерлердің іс-әрекеті кеңес өкіметіне қарсы азаттық үшін күрестің бір көрінісі десек артық болмайды.

Біріншіден, халықтың бұрыннан қалыптасқан қоғамдық жүйесінің бұзылуы, яғни дәстүрлі шаруашылық жүйесінің бұзылуы халықтың наразылығын туғызатыны, қарсылыққа шыққан топтардың пайда болатындығы заңды тарихи-әлеуметтік құбылыс. Сондықтан Аманғали, Құныскерей, Боқай, Ерғали сынды қазақтың ата-дәстүрімен еркін өскен, өр тұлғалы ұлдары кеңес өкіметіне мойынсұнбады және олардың тәртібіне бағынбады.

Екіншіден, әлеуметтік теңсіздік, ру араздығы, барымташылық, бақталастық секілді адамдар арасындағы өкпе-реніш, жауласушылықты тудырып, ақыр соңында жазықсыз жандардың «банды» атануына алып келгендігін көреміз. ОГПУ белсенділерінің қазақтың ішіндегі ру аралық шиеленістерді, ағайын арасындағы араздықты өздеріне тиімді пайдаланып, қазақты қазаққа айдап салып отырғандығы байқалады.

Үшіншіден, әрі ең басты фактор, кеңес билігінің өктемдігінде, озбырлығында. Мысалы, қызыл террормен, бандиттік жолмен билікке келген кеңес үкіметі тып-тыныш отырған елдің шырқын бұзып, өздеріне бағынбаған адамдарды қудалауға ұшыратты. Демек, әділдік үшін күрес кеңес өкіметінің саясатына қарсы бағытталды. Әкімшіл-әміршіл жүйе ешкімді де аямады, құзырлы органдардан қашып жүрген азаматтардың ақырында көзін жойды, соттады, ату жазасына кесті, тіпті тұтастай әулеттердің шаңырағын ортасына түсірді, тоз-тозын шығарды.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Қазақстанның Батыс өңірінің әскери тарихы» гранттық жобасы аясында дайындалған (тіркеу нөмірі: АР19679667).

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Кенжалиев И., Табылдиев Н. Казталовка – байырғы атамекен. — Алматы, Полиграфия. — 1994. — 143 б.
- 2 Қапашев Л. «Банды» Аманғали ісі (Аңыз бен ақиқат). — Алматы: «Арыс» баспасы. — 2004. — 248 б.
- 3 Қапашев Л. Мінгені Ерғалидың «Шайтанқара». — Алматы: «Арыс» баспасы. — 2007. — 148 б.
- 4 Ижанов З. Аласапыран. — Алматы: «Өлке» баспасы. — 2017. — 352 б.
- 5 Половецкий С.Д., Ченцов А.С. Деятельность органов и войск ВЧК – ОГПУ – НКВД СССР по борьбе с бандитизмом на Северном Кавказе (1920 – июнь 1941 г.) Санкт-Петербург, Наукоемкие технологии. — 2020. — 148 с.
- 6 Аннаоразов Дж. С. «Басмаческое движение» в Туркменистане – продолжение Гражданской войны 1918-1920 гг. Научная монография. — Ашхабад. — 2022. — 327 с.
- 7 Хошимов С., Иминов Ж., Тураходжаев С. Политические репрессии в Узбекистане в 20-30-х годах XX века. Наука и современность. — 2016. — С. 100-108.
- 8 Хасанов Қ. Құныскерей Қожахметов. – Орал: Шұғыла принт баспасы. — 2017. — 100 б.
- 9 Әлімгереев Ө. Құныскерей. – Атырау: «Атырау-Ақпарат» ЖШС. — 2018. — 168 б.
- 10 Бөкей және Орал өңірлеріндегі бандитизм. 1921-1931. (ОГПУ хабарламалары бойынша): Құжаттар жинағы. Құраст. Е.Е. Хайдаров., «DANA орталығы» – Орал қаласы, «DANA» баспасы. — 2023. — 206 б.
- 11 Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік архиві (БҚОМА). 312-қ. 1-т. 44-іс. 2-6-пп.
- 12 БҚОМА. 312-қ. 1-т. 91-іс. 8-п.
- 13 БҚОМА. 312-қ. 1-т. 91-іс. 12,14,16-пп.
- 14 БҚОМА. 312-қ. 1-т. 44-іс. 24-26,27-пп.
- 15 БҚОМА. 312-қ. 1-т. 91-іс. 1-3,5,6-9-пп.
- 16 БҚОМА. 312-қ. 1-т. 89-іс. 49-п., 91-іс. 13,20-пп., П19-қ. 1-т. 96-іс. 10-п.
- 17 БҚОМА. 325-қ. 1-т. 83-іс. 1-2-пп.
- 18 БҚОМА. 325-қ. 1-т. 83-іс. 8-18-пп.
- 19 БҚОМА. 312-қ. 1-т. 101-іс. 2-9,13,16-29-пп.
- 20 БҚОМА. 24-қ. 4-т. 566-іс. 240-п.
- 21 БҚОМА. 312-қ. 1-т. 101-іс. 30-п., 664-қ. 1-т. 327-іс. 41-п.
- 22 БҚОМА. 24-қ. 4-т. 566-іс. 416-п.
- 23 БҚОМА. 24-қ. 4-т. 566-іс. 470, 664-пп., 575-іс. 29, 177-179-пп.
- 24 БҚОМА. 24-қ. 4-т. 575-іс. 248-289-пп.
- 25 БҚОМА. 1-қ. 1-т. 1174-іс. 1-15-п.
- 26 БҚОМА. 24-қ. 4-т. 575-іс. 384, 475-пп.
- 27 БҚОМА. 1-қ. 1-т. 1174-іс. 21,32,37,39-пп.
- 28 БҚОМА. 300-қ. 1-т. 49-іс. 163-п.
- 29 БҚОМА. 300-қ. 1-т. 49-іс. 173-п.

БОРЦЫ ЗА СПРАВЕДЛИВОСТЬ 1920-Х ГОДОВ (на примере Западно-Казахстанской области)

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы о деятельности борцов, боровшихся за справедливость на территории Западного Казахстана в 20-х годах прошлого века и об организации репрессий против них советскими властями. В 1920-е годы советская власть тех, кто выходил с оружием в руках на борьбу и не подчинявшие антинародной политике власти называли «бандами», «бандитской шайкой» и занималась организацией репрессий, жестоким наказанием, уничтожением их. Тогда такие отдельные борцы из числа местного населения встречались во всех регионах Казахстана. Потому что к такому действию подтолкнули сами власти. На самом деле они не находили иного способа противостоять насилию властей, кроме как выйти с оружием в руках на борьбу. Конечно, было непросто уничтожить советскую власть, вступившую в силу. Тем не менее, они боролись за свою свободу. Бокай Сабитов, Ерғали Аязбаев, Аманғали Кенжахметов, Құныскерей Қожахметов и другие считаются борцами за справедливость.

Анализируются исторические документы, найденные в Западно-Казахстанском областном государственном архиве, касающиеся борьбы советских органов власти с «бандитизмом» в Бокейском и

Уральском регионах в 1920-х годов. Основной целью статьи является изучение трудных жизненных путей и судеб граждан, боровшихся за свободу против советской власти на территории Западного Казахстана в 1920-х годах, и дать историческую оценку их действиям с позиций идеологической политики нашей страны.

В результате научно-исследовательской работы впервые введены в научный оборот архивные документы по борьбе с бандитизмом в регионе 1920-х годов Бокейского губернского/уездного исполнительного комитета Советов, отдела уголовного розыска Уральского губернского исполнительного комитета Советов, ОГПУ и других компетентных органов.

Ключевые слова: бандитизм, советская власть, Бокейский уезд, Уральская губерния, Объединенное государственное политическое управление (ОГПУ), отряд, борьба за справедливость.

JUSTICE FIGHTERS OF THE 1920s (in the example of West Kazakhstan region)

Abstract

The article examines questions about the activities of heroes who fought for justice in Western Kazakhstan in the 20s of the last century and about the organization of repressions against them by the Soviet authorities. In the 1920s, the Soviet government called those who took up arms in the fight and did not subordinate the authorities to anti-people policies “gangs”, and “gangster gangs” and organized repressions, cruel punishment, and destruction of them. At that time, such individual wrestlers from among the local population were found in all regions of Kazakhstan. Because the authorities themselves pushed for such action. They did not find any other way to resist the violence of the authorities other than to come out with arms in hand to fight. Of course, it was not easy to destroy the Soviet power that came into force. However, they fought for their freedom. Bokai Sabitov, Ergali Ayazbaev, Amangali Kenzhakhmetov, Kunyskerey Kozhakhmetov, and others are considered fighters for justice.

Historical documents found in the West Kazakhstan Regional State Archive concerning the struggle of Soviet authorities against “banditry” in the Bokey and Ural regions in the 1920s are analyzed. The main purpose of the article is to study the difficult life paths and destinies of citizens who fought for freedom against Soviet power in Western Kazakhstan in the 1920s and to give a historical assessment of their actions from the standpoint of the ideological policy of our country.

As a result of research work, archival documents on the fight against banditry in the region of the 1920s of the Bokey provincial/district executive committee of the Soviets, the criminal investigation department of the Ural provincial executive committee of the Soviets, the OGPU and other competent authorities were introduced into scientific circulation for the first time.

Key words: banditry, soviet power, Bokei uyezd, Ural guberniya, United State Political Administration (OGPU), detachment, fight for justice.

REFERENCES

- 1 Kenzhaliev I., Tabyldiev N. Kaztalovka – baiyrgy atameken [*Kaztalovka is an indigenous homeland*]. Almaty. Poligrafiya. 1994. 143 p. [in Kazakh]
- 2 Kapashev L. «Bandy» Amangali isi [*"Gang" amangali case*] (Anyz ben akikat). Almaty: «Arys» baspasy. 2004. 248 p. [in Kazakh]
- 3 Kapashev L. Mingeni Ergalidyn Shaitankara [*"I Don't Know," He Said.*]. Almaty: «Arys» baspasy. 2007. 148 p. [in Kazakh]
- 4 Izhanov Z. Alasapyran [*Turmoil*]: / Z.Izhanov. – Almaty: «Olke» baspasy. 2017. 352 p. [in Kazakh]
- 5 Polovetskiy S.D., Chencov A.S. Deyatelnost organov i voisk VCHK – OGPU – NKVD SSSR po borbe s banditizmom na Severnom Kavkaze (1920 – June 1941 g.) Sankt-Peterburg [*Activities of the organs and troops of the CHEKA – OGPU – NKVD of the USSR in combating banditry in the North Caucasus (1920 – June 1941)*]. Naukoyemkiye tekhnologii. 2020. 148 p. [in Russian]
- 6 Annaorazov Dzh. S. «Basmacheskoe dvizhenie» v Turkmenistane – prodolzhenie Grazhdanskoi voiny 1918-1920 gg. [*The “Basmachi movement” in Turkmenistan is a continuation of the Civil War of 1918-1920*]. Nauchnaya monografiya. Ashkhabad. 2022. 327 p. [in Russian]
- 7 Hoshimov S., Iminov Zh., Turahodzhayev S. Politicheskie repressii v Uzbekistan v 20-30-h godah XX veka. [*Political repressions in Uzbekistan in the 20-30s of the twentieth century*]. Nauka i sovremennost. 2016. P. 100-108. [in Russian]
- 8 Khasanov K. Kunyskerey Kozhakhmetov [*Kuniskerey Kozhakhmetov*]. Oral: Shugyla print baspasy, 2017. 100 p. [in Kazakh]
- 9 Alimgereev U. [*Kuniskerei Kunyskerey*]. Atyrau: «Atyrau-Akparat». 2018. 168 p. [in Kazakh]

10 Bokei zhane Oral onirlerindegi banditizm. 1921-1931. (OGPU khabarlamalary boiynsha) [Banditry in Bokei and Ural regions. 1921-1931. (according to OGPU reports)]: Kuzhattar zhinagy /Kurast. E.E.Khaidarov., «DANA ortalygy» - Oral kalasy, «DANA» baspasy. 2023. 206 p. [in Kazakh]

11 Batys Kazakhstan oblysynyn memleketlik archive (State Archives of West Kazakhstan Region). 312 v. 1 Case 44. P. 2-6

12 BKOMA. 312 v. 1 Case 91. Item 8.

13 BKOMA. 312 v. 1 Case 91. Item 12,14,16.

14 BKOMA. 312 v. 1 Case 44. Item 24-26,27

15 BKOMA. 312 v. 1 Case 91. 1-3,5,6-9 pp.

16 BKOMA. Case 89. Item 49, Case 91. Item 13,20. P-19th century. v. 1 Case 96. Item 10.

17 BKOMA. 325 AD v. 1 Case 83. 1-2 pp.

18 BKOMA. 325 AD v. 1 Case 83. 8-18 pp.

19 BKOMA. 312 v. 1 Case 101. 2-9,13,16-29 pp.

20 BKOMA. 24th century v. 4 Case 566. Article 240

21 BKOMA. 312 v. 1 Case 101. Item 30. 664 v. 1 Case 327. Item 41

22 BKOMA. 24th century v. 4 Case 566. Article 416

23 BKOMA. 24th century v. 4 Case 566. 470, pp. 664. Case 575. 29, pp. 177-179.

24 BKOMA. 24th century v. 4 Case 575. pp. 248-289.

25 BKOMA. 1 st. v. 1 Case 1174. Item 1-15.

26 BKOMA. 24th century v. 4 Case 575. 384, 475 pp.

27 BKOMA. 1 st. v. 1 Case 1174. Item 21,32,37,39

28 BKOMA. 300 v. 1 Case 49. Article 163

29 BKOMA. 300 v. 1 Case 49. Article 173

Information about authors:

Bolat Zhumagulov – **corresponding author**, candidate of historical sciences, professor of the Department of “World History”, Faculty of History and Law of Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: jumagulov-bolat@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5637-187X>

Eskairat Khaidarov – candidate of historical sciences, Senior Lecturer at the “Rukhani Zhangyru” Center, West Kazakhstan Agrarian-Technical University named after Zhangir Khan, Uralsk, Republic of Kazakhstan

E-mail: esaka_78@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5420-0118>

Информация об авторе:

Болат Жумагулов – **основной автор**, кандидат исторических наук, профессор кафедры «Всемирной истории» факультета истории и права Казахского национального педагогического университета имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: jumagulov-bolat@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5637-187X>

Ескайрат Хайдаров - кандидат исторических наук, старший преподаватель Центра «Рухани жаңғыру», Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, г. Уральск, Республика Казахстан

E-mail: esaka_78@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5420-0118>

Авторлар туралы ақпарат:

Болат Жұмағұлов – **негізгі автор**, тарих ғылымдарының кандидаты, Тарих және құқық факультеті, «Әлем тарихы» кафедрасының профессоры, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: jumagulov-bolat@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5637-187X>

Ескайрат Хайдаров – тарих ғылымдарының кандидаты, «Рухани жаңғыру» орталығының аға оқытушысы, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: esaka_78@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5420-0118>